«Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.II, Ч.I. – Б.102-104

ҰСАҚ КҮЙІСТІЛЕРДІҢ СТРОНГИЛЯТОЗДАРЫН АНЫҚТАУ

Нұрбақыт Ж., 2 курс студенті
С. Сейфуллин атындағы Қазақ
агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Қазақстанда күйістілер арасында стронгилятоздар кенінен таралған. Табиғи- климаттық жағдайға байланысты стронгиляттардың түрлері әр түрлі болып ерекшелінеді және олардын 400 астам түрлері белгілі.Стронгиляталар тек тармақтарында 4 тұқымдасы белгілі: *Strongylidae* (*Chabertia* туысы), *Trichostrongylidae* (*Trichostrongylus,Ostertagia, Haemon-chus,Nematodirus* туысы), *Trichonematidae* (*Oesophagostomum* туысы) және *Ancylostomatidae (Bunostomum).* Стронгилятоздар кенінен шет мемлекеттерде Ресей Федерациясында және көршілес Республикаларда, сонымен қатар Қазақстанның әр түрлі аймақтарында маусымдыққа қарай инвазия қарқындылығымен ерекшеленіп таралады. Германияда Barutzki D. мәліметі бойынша 9 қой және ешкі өсіретін шаруашылықтарда ас –қорыту жүйесіндегі нематодтарымен залалдануы байқалып, инвазия экстенсивтілігі 81,3-100% жеткен [1]. Францияда C. Komoin – Oka, J. Zinsstag, V. S. Pandey, F. Fofana, N, Depo зерттеушілері Trichostrongylus colubriformes- 89%, ал Haemonchus contortus- 84% түрлерімен қойлардың залалданғаның анықтаған [2]. Австралияда M.G. O,Callagan, E. Ockleshaw, J. Allen зерттеулері бойынша 58 % нематодтарының тоқ ішек бөлімінде жиі кездеседі ұлтабар мен ащы ішекпен салыстырғанда [3]. Стариков Р.А. Ре- сей федерациясының Ставрополь ауданында 72 қойдың ас-қорыту жүйесін тексерген- де 7 туысқа жататын 18 стронгилят құртарының түрлері анықталғаны жайында және тиімді ем ретінде гельминттерге қарсы альбендазол дәрісін қолданғаның сипаттайды [4]. Қазақстанның он түстік аймағында стронгилятоздар кенінен таралған Карабаев Д., Жумадилов К. оңтүстік шығыс таулы етек аймағында қойлардың арасында гемонхоз- бен залалдануы 5,3-11% дейін жеткенін зерттеп анықтаған [5-6]. Оңтүстік Қазақстан облыстарында Кожабаев М, Сулейменов М.Ж. Бердикулов М.А және т.б. жыл маусы- мына қарай және қойлардың жасына байланысты өзгеруін сипаттаған, жаз және қыс ай- ларында инвазия экстенсивтілігі 20,1 %, ал көктем және күзде 48% дейін жетеді, ал шөл аймақтарында тамыз айында гемонхоз анықталды және оның деңгейі ұлғайып қараша айында 51 % жетті. Сонымен қатар, осы авторлар шөлді-дала аймағындағы көктемде туған қозыларда алғашқы рет гемонхыларды шілде айында (6-18%) біртіндеп көтеріліп желтоқсан айында 56% жеткенің тіркеген. Батыс–Қазақстан облысында Кужебаев У пен Кармалиевтің Р. зерттеулері қойлардың арасында нематодироз

гельминтозының деңгейі нақты құбылмалы боладтындығын, күзде қыркүйекте -53,7%, қазан-42,4%, ал қараша айында 34,7% жетті деп көрсеткен. Қойлардың гельминтозды жұқтыру деңгейі, күздің басынан соңына дейін төмендегенің дәлелдеген [7].Бір қатар зерттеушілер Klimova E, Kudrin M, Krylova T және т.б. фасциолез және стронгилятоздардың мал ағзасына тигізетін экономикалық жағынан зияндылығына тоқтап сипаттаған [8].

Жалпы Қазақстанның барлық аймақтарында ұсақ күйісті малдарда нематодоздар, соның ішінде стронгилятоздар қалыпты жағдайда кез келген уақытта кездеседі, бірақ көктем мен күз айларында жоғары деңгейде болады. Біздің негізгі ғылыми жұмыстың мақсаты ол қойлар және ешкілер арасында стронгилятоздарды анықтау болды. Бұл жұмысты жүргізу үшін Нұр-Султан қаласына жақын орналасқан шаруашылықтарды іздестірдік.

Ғылыми жұмысты орындау үшін, біз Ақмола облысы Целиноград аймағы «Талап- кер» ауылынан жеке меншіктегі үйлердің қойларынан 30 нәжіс сынамаларын қорадан жинап алдық . Биологиялық ғылымдар кафедрасының оқу бөлмесінде 2022 жылы наурыз айының 10-17 аралығында гельминтоовоскопия және гельминтолярвоскопия әдістерімен зерттедік. Зерттеу нәтижелері 1-ші кестеде көрсетілген.

1- Кесте «Талапкер» ауылы жеке меншіктегі қойлардың стронгиляттармен залалда- нуы (2022, наурыз)

Жануардың жынысы мен жасы	Сынама саны	ИЭ,%	ИИ
Ұрғашы қой (4-5 жыл)	12	33,3	3-8
Еркек қой (4 -6 жыл)	8	25,0	1-3
Тоқты (1 жылға дейін)	10	-	-

Нәжіс сынамаларын біз Фюллеборн әдісімен зерттедік. Сонымен қатар Вайда әдісімен қойдың құмалақтарын балаңқұрттарға зерттедік. Зерттеу нәтижелері кестеде сипатталған. Ұрғашы қойдан 12 нәжіс сынамасы алынып зерттелді, оның 4 сынамасында стронгилят жұмыртқалары табылды инвазя экстенсивтілігі 33,3%, инвазия интенсивтілігі 3-8 болды, еркек қойлардан 8 сынама зерттелді инвазия экстентисвтілігі 25%, оның 2-де строн- гиляттар анықталды, инвазия интенсивтілігі 1-3 дейін, тоқтылардан 10 сынама алынып зерттелді, олардан стронгиляттар анықталмады. Өйткені біздің тәжірибеміз бойынша, жас тоқтылар стронгилятоздарды жайлым уақытында шөп және су арқылы жұқтырады. Күзде туған қозылар әлі жайылымға шықпаған, олар тек төмен деңгейде эймерия ооцисталармен залалданғаны анықталды. Вайда әдісімен қой құмалағын тексергенде стронгилят балаңқұрттары анықталған жоқ, сынамада микроскоптін 40х8,0 ұлғайтуымен қарағанда тірі инфузория қарапайымдары анықталды.



1-сурет. Ұрғашы қойдың нәжіс сынамасындағы стронгилят жұмыртқалары Стронгиляттардың түрі, олардын балаңқұрттарының ішек жасушаларының пішіні мен
санына қарап малдың тірі күйінде гельминтолярвоскопия әдісімен зерттеп анықталады.

Әдебиеттер тізімі

1.Barutzki D. Parasitosen bei Schaf und Ziege in Deutschland / D. Barutzki // Tierarztl.
Prax. – 1990. -№2. – S. 245-250.
2.Komoin – Oka, C. Epidemiologie des parasites des ovins de la zone sud forestierere de la Cote d, Ivoire / C. Komoin – Oka, J. Zinsstag, V. S. Pandey, F. Fofana, A. N, Depo // Rev. elev. et. med. vet. pays trop. – 1999. - № 1. – P. 39 – 46
3.O.Callagan, M.G. The prevalence and distribution of nematodes of sheep in South Australia / M.G. O,Callagan, E. Ockleshaw, J. Allen // Trans. Roy. Soc. S. Austral. – 1998. - № 1 – 2. – P. 87 – 88.
4.Стариков Р.А. Новые лекарственные формы альбендазола против желудочно-ки- шечных стронгилят у овец /Р.А.Стариков, В.И.Колесников //Межд. научно-практ. конф.
Состояние, перспективы, стратегия развития и научного обеспечения овцеводства и ко- зоводства РФ. - Ставрополь,2007.-Ч.3. -С.88-90.
5 Карабаев Д.К.//Тр.КазНИВИ. - Алма-Ата. 1973.-Т.15. - С.283-295.
6.Жумадилов К.//Тр.КазНИВИ.- Алма-Ата. 1975. - С. 169-170.
Кожабаев М., Сулейменов М.А., Бердикулов М.А., Каратаев Ш. и др.//Теория и практика паразитарных болезней животных.-2013. Вып №14.- С.168-171.
7.Klimova E., Kudrin M., Krylova T., Maksimova E., Mikheeva E.A. (2020) Fascioliasis and strongylatosis of cattle: economic loss and control measures.Adv.Anim.Vet.Sci.8(s3):56-62.